

## Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы N 664 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 шілдеде N 5-6-94 тіркелді. Күші жойылды - қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты Аягөз аудандық Әділет басқармасының 2010 жылғы 09 ақпандағы № 1057 хатымен

*Ескерту. Күші жойылды - қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты Аягөз аудандық Әділет басқармасының 2010.02.09 № 1057 хатымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-4) тармақшасы, 18-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 «Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңарту мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысын іске асыру мақсатында Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындары (бұдан әрі-әлеуметтік жұмыс орындары) ұйымдастырылсын.

2. Әлеуметтік жұмыс орындары алты айға дейінгі мерзімге ұйымдастырылады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындары меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда (бұдан әрі-жұмыс беруші) ұйымдастырылады.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру ауданның жергілікті атқарушы органымен шарт негізінде жұмыс берушімен жүзеге асырылады. Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері мен көлемі, еңбекақының мөлшері мен шарттары және әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері болуы тиіс.

5. Жұмыс берушінің әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздың еңбекақысын төлеуге шығындары тиісті жергілікті бюджет қаржысынан, Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген ең төмен еңбекақының елу пайыз мөлшерінде ішінара өтеледі.

6. 2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздың орташа еңбекақысы 30 000 теңгені құрайтын болады, соның ішінде тиісті жергілікті бюджет қаржысынан 15 000 теңге, жұмыс берушінің қаржысынан 15 000 теңге.

7. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші мен әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыз арасында жасалған еңбек шартымен айқындалады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы ұйымдардан жұмыс берушіні іріктеу ресми ұсыныстардың түсуіне байланысты кезек тәртібінде жүргізіледі.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Байжановқа жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аяғөз ауданының әкімі*

*Н. Әзімбаев*